



**Шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік кәсіпорын - Қазақстан
Республикасының мемлекеттік тұрғын үй құрылышы Банкінің Жарғысын бекіту туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 1 қараша N 1339
"Қазақстан Республикасындағы банктар және банк қызметі туралы"

Қазақстан Республикасы Президентінің Зан күші бар Жарлығын жүзеге асыру жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 31 тамыздағы N 2445

K952445_

қаулысын (Қазақстан

Республикасының Жоғарғы Кеңесінің Жаршысы, 1995 ж., N 15-16, 107-құжат) орындау үшін Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

Шаруашылық жүргізу құқындағы мемлекеттік кәсіпорын - Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй құрылышы Банкінің қоса беріліп отырған Жарғысы бекітілсін.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
бірінші орынбасары

Қазақстан Республикасының Ұлттық	Қазақстан Республикасы
Банкімен	Үкіметінің
Келісілген	1996 жылғы 1 қарашадағы
Қазақстан Республикасының Ұлттық	N 1339 қаулысымен
Банкі төрағасының	Бекітілген
орынбасары Г.Марченко	_____

Шаруашылық жүргізу құқындағы Мемлекеттік кәсіпорын -
Қазақстан Республикасының мемлекеттік тұрғын үй
құрылышы Банкінің (Тұрғынұйқурылышбанкі)
ЖАРҒЫСЫ

I. Жалпы ережелер

Осы Жарғы "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығының Z952444_ және Қазақстан Республикасының басқа да заң актілерінің негізінде әзірленді.

Жарғы шаруашылық жүргізу құқындағы Мемлекеттік кәсіпорын - Қазақстан Республикасы мемлекеттік тұрғын үй құрылымы Банкінің (бұдан әрі - Тұрғынүйқұрылышбанкі) құқықтық мәртебесін, функцияларын және қызметінің негізгі принциптерін айқындайды.

1. Тұрғынүйқұрылышбанкі

Қазақстан Республикасының бірыңғай банктік жүйесіне кіреді және екінші деңгейдегі банк болып табылады. "Қазақстан Республикасы мемлекеттік тұрғын үй құрылышы Банкінің мәселелері" атты Қазақстан Республикасы Министрлер Кabinetінің 1994 жылғы 11 қаңтардағы N 56 P940056_ қаулысының негізінде құрылған

Тұрғынүйқұрылышбанкін құрудың мақсаты тұрғын үй саласын және оны қаржыландыру мен кредиттендірудің бірыңғай жүйесін дамыту болып табылады. Тұрғынүйқұрылышбанкі халықтың қалың тобына, бірінші кезекте халықтың әлеуметтік қорғалатын, тұрмыс деңгейі төмен және өте мұқтаж жігі санаттарының тұрғын үй салуы, қайта жаңартуы, жөндеуі, сатып алуы үшін орта және ұзақ мерзімді кредиттерге жол ашуды қамтамасыз етеді, коммерциялық және басқа құрылыш салушыларды кредиттендіруді жүзеге асырады.

Тұрғынүйқұрылышбанкі "Жаңа тұрғын үй саясаты туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 1993 жылғы 6 қыркүйектегі N 1344 U931344_ Жарлығын орындауды жүзеге асырады, индекстегін ұзақ мерзімдік, оның ішінде жеңілдікті процент ставкалары бойынша ипотекалық кредиттің әртүрлі нысандарын беруді жүргізеді, халықтың қаражатын сақталуы мен қайтарылуын мемлекет кепілдендіретін жинақтау тұрғын үй шотына тартады.

2. Қазақстан Республикасының Үкіметі Тұрғынүйқұрылышбанкінің құрылтайшысы болып табылады.

3. Тұрғынүйқұрылышбанкі өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын, "Қазақстан Республикасындағы банктер мен банк қызметтері туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығын, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген басқа да заң актілерін, халықаралық нормаларды, Үкіметтің, Ұлттық Банктің нормативтік актілерін және осы Жарғыны басшылыққа алады.

4. Тұрғынүйқұрылышбанкі осы Жарғыға сәйкес банк қызметін жүзеге асыратын

коммерциялық ұйым болып табылатын заңды тұлға болып табылады.

Тұрғынүйқұрылысбанкінің ашылғаны туралы хабар баспасөзде жарияланады.

5. Тұрғынүйқұрылысбанкі операцияларды ақылы негізде жүзеге асырады, бөлектенген мүлікке ие болады, өзінің атынан мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтарды сатып ала алады, сотта талапкер әрі жауапкер болуға жауапкершілік жүктейді.

6. Тұрғынүйқұрылысбанкі ұлттық банктің келісімімен, Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес, алдына қойылған міндеттерді орындау мақсатында Қазақстан Республикасының аумағында да, одан сыртқары жерлерде де өзінің филиалдарын, еншілес банктерін және өкілдіктерін құрады.

Тұрғынүйқұрылысбанкінің филиалдары заңды тұлға болып табылмайды және олардың дербес балансы болмайды, олар жасайтын шаруашылық қызметтің жеке баланстары Тұрғынүйқұрылысбанкінің жиынтық баласына кіргізіледі.

Филиалдар өздерінің қызметін оларға Тұрғынүйқұрылысбанкі берген құқықтардың шегінде және Тұрғынүйқұрылысбанкі басқармасы бекіткен осы мекемелер туралы Ережеге сәйкес жүзеге асырады, өздерінің жоғары тұрған органдарына ғана есеп береді

Тұрғынүйқұрылысбанкінің шет елдерде ашылған филиалдарының қызметін олар орналасқан елдің орталық банкі осы елде қолданылып жүрген заңдарға сәйкес реттейді.

7. Тұрғынүйқұрылысбанкі қолданылып жүрген банк заңдарына сәйкес басқа заңды тұлғалардың жарғылық қорларына қатыса алады.

8. Тұрғынүйқұрылысбанкі өзінің міндеттемелері бойынша иелігіндегі барлық мүлкімен жауап береді.

Мемлекет Тұрғынүйқұрылысбанкінің міндеттемелері бойынша оның Жарғылық қорына салынған қаражаттардың шегінде жауап береді. Үкімет бөлек шешіммен оның міндеттемелері бойынша қосымша жауапкершілікті өзіне қабылдай және банкке жүктей алады.

9. Тұрғынүйқұрылысбанкі клиенттері мен корреспонденттерінің операциялары, шоттары мен салымдары бойынша құпияны сақтауға кепілдік береді.

Тұрғынүйқұрылысбанкі клиенттерінің операциялары мен шоттары бойынша анықтамалар шоттардың иелерінен немесе олардың заңды өкілдерінен басқа заңда белгіленген тәртіппен соттарға, жауап алу, тергеу және прокуратура органдарына, аудиторлық ұйымдарға, сондай-ақ салық салу мәселелері бойынша салық органдарына ғана беріледі.

Клиенттердің Тұрғынүйқұрылысбанкіндегі ақша қаражаттары мен басқа да мүлкі қолданылып жүрген заңдарда көзделген негізде және тәртіппен ғана тұтқындалуы мүмкін және өндіріп алу қолданылуы мүмкін.

10. Тұрғынүйқұрылысбанкінің Қазақстан Республикасының Мемлекеттік елтаңбасы

бейнеленген, мөрі, қазақ және орыс тілінде өзінің атауы жазылған мөртабандары, бланкілері, эмблемасы болады.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының орналасқан жері -

Қазақстан Республикасы, 480072, Алматы қаласы,

Шевченко көшесі, N 100-үй.

Тұрғынүйқұрылыс банкінің атауы:

- қазақ тілінде: Қазақстан Республикасының Мемлекеттік тұрғын үй құрылысы банкі; қысқарған атауы; Тұрғынүйқұрылысбанкі;

- орыс тілінде: государственный Банк жилищного строительства Республики Казахстан;

- қысқарған атауы: Жилстройбанк.

II. Тұрғынүйқұрылысбанкінің міндеттері

11. Тұрғынүйқұрылысбанкі халықтың жіктерін өздерінің тұрғын үй жағдайларын, бірінші кезекте өз қаражаттары, сондай-ақ кәсіпорындар, ұйымдар, коммерциялық құрылымдар мен қаржы институттары есебінен шешуге тартуға жәрдемдеседі, ол азаматтар үшін олардың қалаулары бойынша тұрғын үй жинақтау шоттарын ашады және тұрғын үй шараларына ұзақ мерзімді және орташа мерзімді ипотекалық кредиттер беруді жүзеге асырады.

12. Тұрғынүйқұрылысбанкі халыққа, сондай-ақ олардың меншік нысанына қарамастан тұрғын үй құрылысы мен тұрғын үй сату, сондай-ақ әлеуметтік, инженерлік және көлік инфрақұрылымын дамыту саласында жұмыс істеп жатқан кәсіпорындар мен ұйымдарға қаржыландыру мен кредиттендіру, есептесу, кассалық қызмет көрсету және басқа да банк қызметтерін көрсету жолымен Мемлекеттік тұрғын үй саясаты бағдарламасын жүзеге асыруға қатысады.

III. Тұрғынүйқұрылысбанкінің меншік қаражаты

13. Тұрғынүйқұрылысбанкінің меншік қаражаты жарғылық, резервтік және басқа қорлардан құралады.

14. Тұрғынүйқұрылысбанкінің Жарғылық қоры респубикалық бюджеттен бөлінетін қаражаттардың есебінен қалыптастырылады және 324 миллион теңгені қурайды.

Жарғылық қордың мөлшерін өзгерту қолданылып жүрген заңдарға сәйкес жүзеге асырылады.

15. Тұрғынүйқұрылысбанкі оларды заңды және жеке тұлғалардың арасында тарату үшін белгіленген тәртіппен облигациялар мен басқа да бағалы қағаздар (акциядан басқа) шығаруға құқылы.

16. Резерв қоры Тұрғынүйқұрылысбанкінің пайдастының есебінен банктік қызметті жүзеге асыруға байланысты шығындарды жабу үшін құрылады.

Тұрғынүйқұрылысбанкінің шығындары резерв қоры қаражаттарының есебінен, ал олар жетіспеген кезде Тұрғынүйқұрылысбанкінің басқа да меншік қаражаттарының есебінен өтеледі.

17. Жинақтау және тұтыну қоры жаңа техникаларды енгізу жөніндегі шараларды қаржыландыру, жабдықтар мен негізгі құралдарды алу, мекемелердің құрылышын салу үшін, сондай-ақ Тұрғынүйқұрылысбанкі қызметкерлерінің әлеуметтік мұқтаждарына арналған.

IY. Клиенттердің мүдделерін қамтамасыз ету

18. Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Басқармасы 1996 жылғы 29 ақпанды бекіткен Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес Тұрғынүйқұрылысбанкі өзі балансының құрылымын реттеу жолымен өзіне қабылдаған өзінің капиталының жеткіліктілігін үнемі ұстап тұру, бір клиентке арналған ең жоғары тәуекелдің мөлшерін сақтау, қаражаттар мен міндеттемелердің және "Қазақстан Республикасындағы банктер және банк қызметі туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің Заң күші бар Жарлығына сәйкес басқа да талаптардың өтімділігін бақылау міндеттемелерін уақытылы және толықтай орындауға міндеттенеді.

19. Тұрғынүйқұрылысбанкі банктік қызметті жүзеге асыруға

байланысты шығындарды жабу мақсатында Пруденциалдық нормативтер туралы ережеге сәйкес ең төменгі резервтік талаптарының белгіленген мөлшерінде тартылған ақша қаражаттарының бөлігін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне сақтауға беруге міндеттенеді.

Y. Тұрғынүйқұрылысбанкінің кредиттік ресурстары

20. Тұрғынүйқұрылысбанкінің кредиттік ресурстары;

а) меншік қаражатының (алынған негізгі қорлардың құнын, басқа банктердің пайлары мен акцияларына салымдарды және олар жұмылдырылған қаражаттарды алып тастағандағы);

б) мемлекеттік мұлікті жекешелендіруден алынған қаражаттардың;

в) жұмыспен қамту қоры қаражаттарының;

г) Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің кредиттік ресурстарын реттеу қоры қаражаттарының;

д) клиенттердің шоттардағы қаражаттарының;

- е) басқа банктер кредиттерінің;
- ж) басқа да тартылған қаражаттардың есебінен қалыптастырылады.

21. Тұрғынүйқұрылысбанкі тұрғын үй нарығын дамыту үшін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігінің келісімі бойынша өз кепілдігімен және Үкіметтің кепілдігімен шетелдік банктер мен басқа да қаржы ұйымдарының кредиттік ресурстарын тарта алады.

Тұрғынүйқұрылысбанкінің операциялық жыл ішіндегі бөлінбекен, бюджетке төленетін төлемдерді төлегеннен кейінгі қалған пайдаласы кредиттендіру ресурсы ретінде пайдаланыла алады.

VI. Тұрғынүйқұрылысбанкінің операциялары

22. Тұрғынүйқұрылысбанкі операциялар жүргізу және ақша қаражаттарын сақтау үшін Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкінің мекемелерінде және басқа банктерде корреспонденттік шоттар ашады.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің лицензиясы бойынша мынадай операцияларды:

- занды және жеке тұлғалардың депозиттерін қабылдауды;
- банктердің және банктік емес қаржы мекемелерінің корреспонденттік шоттарын, сондай-ақ банктердің металдық шоттарын ашуды және жүргізуді;
- кассалық операцияларды: банкноттар мен монеттерді қабылдауды, қайта санауды, майдалауды, айырбастауды, қаттауды және сақтауды;
- аудару операцияларын: занды және жеке тұлғалардың ақша қаражаттарын аудару жөніндегі тапсырмаларын орындауды;
- есептеу операцияларын: занды жеке тұлғалардың вексельдері мен басқа да қарыздық міндеттемелерін есепке алууды (дискот);
- несиелік операцияларды: ақшалай нысанда кредиттер ұсынуды;
- инвестицияланатын қаражаттардың иелері мен иелік етушілерінің тапсырмалары бойынша күрделі салымдарды қаржыландыруды;
- сенімдік (трастық) операцияларды: сенім артушының мұддесіне және тапсырмасы бойынша ақша қаражаттарын басқаруды;
- клирингтік операцияларды: төлемдерді жинауды, тексеруді, сұрыптауды және растауды, сондай-ақ олардың өзара есебін жүргізуді және клирингтің қатысушыларының таза позицияларын айқындауды;

сейфтік операцияларды: сейф жәшіктерін, шкафттарын және бөлмелерді жалға беруді қоса есептегендеге клиенттердің бағалы қағаздарын, құжаттары мен бағалы

заттарын сақтау жөнінде қызметтер көрсетуді;

ломбардтық операцияларды: сақталатын, жеңіл сатылатын бағалы қағаздар мен жылжымалы мүліктердің кепілдігімен қысқа мерзімді кредиттер ұсынуды;

чектарды эмиссиялауды;

инкассаға қабылдауды, акцепті, төлем құжаттарын төлеуді және растауды;

төлем карточкаларын шығаруды;

қымбат бағалы металдарды (алтын, күміс, платина, платина топтарының металдары), сондай-ақ қымбат бағалы металдар мен қымбат бағалы тастардан тұратын зергерлік бұйымдарды сатып алу, кепілдікке қабылдау, есепке алу, сақтау және сату жөніндегі операцияларды жүргізуіді;

кепілдік операцияларын: үшінші тұлғалар үшін ақша нысанында орындауды қарастыратын кепіл, кепілдіктер мен басқа да міндеттемелер беруді;

жалға берушінің жалға берген мүлкіне меншік құқығын шарттың (лизингтің) қолданылуының барлық мерзімінде сақтау арқылы мүлікті жалға беруді;

өз бағалы қағаздарын (облигацияларды, вексельдер мен депозиттік сертификаттарды) эмиссиялауды;

факторингтік операцияларды: төлемеу тәуекелін қабылдау арқылы тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушыдан төлемді талап ету құқығын алады;

форфейтингтік операцияларды (форфетингтеу): тауарларды (жұмыстарды, қызмет көрсетулерді) сатып алушының қарыздық міндеттемесін вексельдерді сатушыға айналымға салмай, сатып алу жолымен төлеуді;

бағалы қағаздар нарығында брокерлік және дилерлік қызметтер жүргізуіді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес бағалы қағаздар нарығында кәсіпқойлық қызметтерді жүзеге асырады.

YII. Клиенттермен қарым-қатынас

23. Тараптардың өзара міндеттемелері мен экономикалық жауапкершілігі, несие бойынша проценттік ставка мен кепілдік, Тұрғынүйқұрылысбанкінің клиенттеріне ақпарат беруі және қолданылып жүрген заңдарға сәйкес басқа талаптар айқындалатын банк қызметін көрсетуге арналған шарт Тұрғынүйқұрылысбанкінің клиенттермен қарым - қатынасының құқықтық негізі болып табылады.

24. Тұрғынүйқұрылысбанкі алынған кредиттерді уақтылы қайтару жөніндегі өздерінің міндеттемелерін орындаған заем алушыларға Қазақстан Республикасының қолданылып жүрген заңдарына сәйкес төлем қабілеті жоқ заем алушыны банкрот деп тану туралы сотқа талап-арыз

беруге құқықты. Клиенттерге қажетті несиені беру мерзімдерін бұзғаны үшін Тұрғынүйқұрылысбанкі шартта белгіленген тәртіппен жауапкершілікте болады.

25. Қаражаттарды клиенттердің шотынан шығарып тастау және клиенттің шотына қабылдау қолданылып жүрген нормативтік актілерге сәйкес жүзеге асырылады.

ҮІІІ. Пайдалардың құрылуы және оны бөлу

26. Тұрғынүйқұрылысбанкінің пайдасы оның қызметінің барлық түрлерінің кірістері мен шығыстарынан алынған айырмашылық ретінде құрылады. Пайдаларды бөлу Тұрғынүйқұрылысбанкінің таза кірісін құрайтын салықтар мен бюджетке төленетін төлемдерді төлегеннен кейін жүзеге асырылады.

Таза кірістер қолданылып жүрген зандарға сәйкес Тұрғынүйқұрылысбанкінің Басқармасы айқындаған тәртіппен пайдаланылады.

ІХ. Құрылымдары мен басқару органдары

27. Қазақстан Республикасының Үкіметі Жарғыны бекітеді және оған занда белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің аумақтық органдарында тіркелетін өзгерістер енгізеді.

28. Тұрғынүйқұрылысбанкі департаменттері, басқармалары, филиалдары мен жергілікті жерлердегі өкілдіктері құрылымдық бөлімшелері болып табылатын бас банктен тұрады.

Өзінің қызметін жүзеге асыруы үшін Тұрғынүйқұрылысбанкінің Басқармасы, директорлығы, Тұрғынүйқұрылысбанкінің жоғары тұрған орындары тағайындаитын жергілікті жерлердегі ведомстволық бағынысты органдарының басшылығы болады.

29. Төраға - Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындаитын

Тұрғынүйқұрылысбанкінің президенті басқаратын Басқарма

Тұрғынүйқұрылысбанкінің жоғары басқару органы болып табылады.

30. Атқарушы директор (Басқарма Төрағасының бірінші орынбасары) басқаратын Тұрғынүйқұрылысбанкінің Директорлығы Тұрғынүйқұрылысбанкінің жедел басқару органы болып табылады.

31. Тұрғынүйқұрылысбанкінің әкімшілігі мен еңбек ұжымының арасындағы қарым - қатынас еңбек заңымен және ұжымдық шартпен реттеледі.

X. Тұрғынүйқұрылысбанкінің Басқармасы және оның өкілеттіктері

32. Тұрғынүйқұрылысбанкінің Басқармасы:

а) тұрғын үй саласында біртұтас мемлекеттік қаржы - кредит саясатының жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді;

б) Тұрғынүйқұрылысбанкі әзірлеген, оның қызметіне қатысты нормативтік актілерді бекітеді;

в) жұмыс туралы есепті, банк қызметінің жылдық балансын, пайдалар мен шығындар туралы есепті қарайды;

г) департаменттердің құрылымын бекітеді және директорларын тағайындайды;

д) Басқарма егер мәжіліске үштен екісінен кем емес мүшелер қатысса оның қарауына енгізілген мәселелер бойынша шешім қабылдауға құқылы. Басқарманың әрбір мүшесі бір дауысқа ие болады. Шешімдер қарапайым көпшілік дауыспен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда Басқарма Төрағасының даусы шешуші дауыс болып табылады.

33. Тұрғынүйқұрылысбанкінің Басқармасы 9 адамнан тұрады.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының құрамына: Тұрғынүйқұрылысбанкінің Төрағасы, оның бірінші орынбасары - атқарушы директор, екі орынбасары - Тұрғынүйқұрылысбанкі департаменттерінің директорлары, Тұрғынүйқұрылысбанкінің банк операцияларын жоспарлау және дамыту департаментінің директоры, Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінен екі өкіл, Қаржы министрлігі мен Экономика министрлігінен бір-бір өкілден кіреді.

Басқарманың Төрағасы мен мүшелерін алты жылға Қазақстан Республикасының Үкіметі тағайындайды.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының мүшелігіне Қазақстан Республикасы Құрылыш, тұрғын үй және аумақтарда құрылыш салу министрлігінен, Қаржы,

Экономика министрліктерінен, Тұрғынүйқұрылысбанкінен кандидатураларды тиісінше министрлер мен Басқарма Төрағасы ұсынады.

34. Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының Төрағасы Тұрғынүйқұрылысбанкі қызметінің мәселелері бойынша жедел және атқарулық - өкімдік шешімдер қабылдау, Тұрғынүйқұрылысбанкінің атынан контрактілер жасасу, барлық заңдық ресімдерде Тұрғынүйқұрылысбанкін өкілдендіру өкілеттеріне ие.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының Төрағасы Тұрғынүйқұрылысбанкі Директорлығының мәжілісін жүргізуге құқылы.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының Төрағасы өзінің өкілеттіктерінің шегінде Тұрғынүйқұрылысбанкінің және оның барлық жүйесінің қызметі үшін жауапкершілікте болады.

Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының Төрағасы болмаған уақытта Басқарманың жұмысына оның орынбасары басшылық етеді.

XI. Тұрғынүйқұрылысбанкінің директорлығы және оның өкілеттіктері

35. Тұрғынүйқұрылысбанкінің директорлығы:

а) осы Жарғыға сәйкес Тұрғынүйқұрылысбанкі Басқармасының қарауына жататын барлық мәселелерді алдын ала қарайды, олар бойынша тиісті материалдар, ұсыныстар және шешімдердің жобаларын әзірлейді;

б) Орталық аппараттың құрылымдық бөлімшелері мен Тұрғынүйқұрылысбанкі филиаларының қызметіне басшылық жасау мәселелерін шешеді;

в) Тұрғынүйқұрылысбанкінің қолданылып жүрген зандарды сақтауын бақылайды және құпиялық режимінің сақталуын қамтамасыз етеді.

г) кіріс, шығыс және пайда жоспарларын, Тұрғынүйқұрылысбанкі қызметкерлеріне енбекақы төлеу шарттарын бекітеді;

д) Тұрғынүйқұрылысбанкінің операциялары бойынша проценттік ставкаларды белгілейді.

36. Тұрғынүйқұрылысбанкінің қаржылық операциялық жылы 1 қантардан басталады және 31 желтоқсанда аяқталады. Тұрғынүйқұрылысбанкінің жылдық балансы Басқарма бекіткеннен кейін баспасөзде жарияланады және Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі мен Қаржы министрлігіне ұсынылады. Есепке алу мен есеп беру, Тұрғынүйқұрылысбанкі қызметінің негізгі көрсеткіштерін жариялау, сондай-ақ құжаттарды есепке алу және сақтау қолданылып жүрген зандарға сәйкес жүзеге асырылады.

XII. Тұрғынүйқұрылысбанкі қызметін тексеру және тексеріс жүргізу

37. Тұрғынүйқұрылысбанкінің шаруашылық-қаржы қызметін тексеруді қолданылып жүрген занға сәйкес аudit жүргізуге құқықты аудиторлық фирма жүзеге асырады.

38. Аудиторлық фирма жыл сайын Тұрғынүйқұрылысбанкінің зандар мен оның қызметін реттейтін басқа да актілерді сақтауын, банк ішіндегі есеп пен бақылаудың жолға қойылуын, Тұрғынүйқұрылысбанкі жыл ішінде жүргізген кредиттік, есеп айырысу, валюталық

операцияларды тексереді.

Аудиторлық тексерулер Тұрғынүйқұрылысбанкінің Басқармасы бекітken жоспар бойынша жүргізіледі.

39. Тұрғынүйқұрылысбанкінің қызметін бақылауды қолданылып жүрген зандарға сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі, қаржы және басқа да органдар жүзеге асырады.

XIII. Тұрғынүйқұрылысбанкінің қызметін қайта ұйымдастыру және тоқтату

40. Тұрғынүйқұрылысбанкінің қызметін тоқтату ұйымдастыру немесе тарату нысанында жүзеге асырылады.

41. Тұрғынүйқұрылысбанкін қайта ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің келісімімен Қазақстан Республикасының Үкіметі шешімінің негізінде жүзеге асырылады.

Тұрғынүйқұрылысбанкін қайта ұйымдастыру кезінде оның құқықтары, міндеттемелері, мұлкі және ақша қаражаттары Тұрғынүйқұрылысбанкінің құқыққабылдаушыларына көшеді.

42. Тұрғынүйқұрылысбанкінің қызметі Қазақстан Республикасының зандарында көзделген тәртіппен және жағдайларда, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша тоқтатылады.

Таратылған Тұрғынүйқұрылысбанкінің мұлкі еңбекақы төлеу жөнінде қызметкерлермен есеп айырысқаннан, салымшылардың, бюджеттің, банктердің, Тұрғынүйқұрылысбанкінің облигациялары мен өзге де бағалы қағаздарының иелерінің алдындағы міндеттемелер орындалғаннан кейін Қазақстан Республикасының Үкіметіне беріледі.

Тұрғынүйқұрылысбанкі қызметінің тоқтатылуы туралы хабарландыру бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК